

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА: ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Халықаралық саудадағы тарифтік
емес кедергілер



Тарифтік емес реттеу шаралары көптеген мемлекеттерде кеденнен тауар өткізуде, халықаралық сауда қатынастарында кеңінен қолданылады. Тарифтік емес реттеу шаралары сол мемлекет тұрғындарының денсаулықтарын, жалпы экологияның тұрақтылығын сақтау үшін қолданылады. Сондай-ақ, белгілі бір салаларды қолдау үшін тарифтік емес реттеу шаралары қолданылады. Мысалы, белгілі бір мемлекетте отандық өнім өтпей жатса, сондай өнімнің шетелден келуіне тыйым салынады.

Импортқа шектеу қою халықаралық саудада қолдауға ие емес. Көптеген мемлекеттер халықаралық саудада тарифтік емес реттеу шараларын кедергілер деп қабылдайды. Бұл тарифтік емес реттеу шараларын қолдану үшін үлкен себеп болу керек (экологияны сақтау, тұрғындардың денсаулықтарына зиян келтірмеу және т.б.).

Тарифтік емес реттеу шаралары дегеніміз ең алдымен сол мемлекетте талап етілетін техникалық стандарттар. Бұл стандарттар өнімнің өндірілуіне, шығуына, тасымалдануына қойылатын белгілі бір стандарттар. ЕАЭО мемлекеттерінде техникалық регламенттер бойынша стандарттар реттеледі. Тарифтік реттеу шараларына техникалық стандарттан басқа санитарлық және фитосанитарлық нормалар, кедендік рәсімдер жатады. Санитарлық және фитосанитарлық талаптар кеден арқылы шетелдерге тасымалданатын тауарлардың тазалығын тексеріп, кеденнен әрі өту не өтпеуін реттейтін норма. Кедендік рәсімдер кеден арқылы өткізілетін тауарлардың құжаттарын, рұқсаттарын, мөрлердің болуын тексеретін шара. Тарифтік емес шараларға жергілікті мазмұнға қойылатын талаптар жатады. Атап айтқанда, импорт пен экспортты теңестіру, мемлекеттік сатып алу тәжірибесінде қойылатын талаптар және экспортқа тыйым салу. Барлық мемлекеттер импорт пен экспортты теңестіруге тырысады. Экспорт пен импорттың үлкен айырмашылығы ел экономикасында белгілі бір ауытқушылықтарға әкеледі. Импорт көбейіп кеткен жағдайда отандық өндіріс дамымай, шетел тауарларына тәуелділік болуы мүмкін. Экспорт көбейіп кеткен жағдайда, отандық тұтынушыларға тауар жетпей қалу қаупі бар.

Мемлекет – ең үлкен сатып алушы. Мемлекет сатып алатын тауарлардың белгілі бір мөлшері отандық өнім болуы керек деген талап бар. Мысалы, Қазақстан Республикасы 2016 жылы 3 трлн теңгеге жуық тауарды сатып алған. Ал Ресей Федерациясы 2016 жылы 30 трлн рубльге мемлекеттік сатып алу жасаған. Ал бұл Ресейдің ЖІӨ-нің 25%-ын құрайды. Мемлекеттің үкіметіне 25%, 30% немесе толығымен отандық өнімді сатып алу керек деген талаптар қойылады. Қазақстанда ол – 30%-ды құрайды. Бұл талаптарды сақтау уақыт өткен сайын мемлекет үшін қиынға соғып жатыр. Себебі мемлекеттер еркін сауда аймақтарына, халықаралық ұйымдарға мүшелікке кіріп, сол ұйымдардың талаптарын орындау міндеттерін алып отыр.

Мемлекеттер экспортқа тыйым сала алмайды. Себебі халықаралық саудада белгілі бір кедергілер туғызады немесе мемлекеттер арасында белгілі бір саяси қақтығыстарға әкелуі мүмкін. Кейбір жағдайда экспортқа тыйым салуды белгілі бір мемлекет импорттың көлемімен теңестіру үшін жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы халықаралық саудада ең ірі 10 өндіруші мемлекеттердің қатарына жатады. Қазақстанда бидай өнімі жақсы дамығандықтан, экспортқа шығаратын тауарлардың бірі – ұн. Соңғы кездері ұнды экспорттау төмендеп келе жатыр. Оның себебін түсіндіру үшін мына мысалды қарастыру керек. Өзбекстан мемлекеті Қазақстаннан ұн сатып алды делік. Өзбекстан осы импортты шектеу үшін дайын өнімге баж салығын көбейтіп, шикізатқа баж салығын азайтады. Осыдан Өзбекстан өндірушілері Қазақстанның бидайын сатып алып, өздері дайын өнім өндіреді. Бұл жағдайды реттеу үшін Қазақстан керісінше бидай өнімдерін экспорттап, шикізатқа баж салығын көбейтіп, дайын өнімге баж салығын азайтады.

2012 жылы Ресей Федерациясы қайта өңдеу салығын енгізді. Шетелден импортталатын көліктерге қайта өңдеу салығы енгізілді. Ресейден шығарылатын автокөліктердің сатылу бағасы төмен болып, сұранысқа ие бола бастады. Бұл уақыт Ресейдің ДСҰ-ға кірейін деп жатқан кезі болған еді. Осы уақытта ДСҰ-ға мүше мемлекеттер шағымданып, ДСҰ Ресейге бұл салық түрін алып тастау талабын қойған еді. 2014 жылдан бастап бұл салық түрі алып тасталғанмен, Ресей отандық өндірушілердің экологиялық талаптарға сай шығындарына жеңілдік беріп, бюджеттен қаражат бөлініп отырған еді, яғни бұл жағдайда да шетелден келетін автокөліктерге байланысты дискриминация шарасы байқалады.



Экологиялық жағдайды сақтау үшін қойылатын тарифтік емес реттеуге тоқталайық. Мысалы, А4 форматындағы қағаз өндіру үшін қағаздың құрамындағы ағаш экологиялық таза екенін растайтын арнайы таңба қажет.

Тарифтік емес реттеу шараларын зерттеп жүрген ғалымдардың бірі 2013–2014 жылы Евгений Винокуров тарифтік емес реттеу шаралары экологиялық жағдайға қалай әсер етіп жатқанын зерттеген болатын. Оның зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Беларусьсияда тауардың құнын 15%-ға дейін көтеріп отырған тарифтік емес шаралар екен. Ресейге жеткізілетін тауарларға 25%-ы тарифтік емес шаралардан қосылып отыр, ал Қазақстанға 30%-ы қосылып келеді. Кез келген тауар экспорттаушы мемлекет тауарды жеткізетін мемлекеттің техникалық регламенттеріне назар аударып отыруы қажет. Көбіне техникалық регламенттер, талаптар өзгеріп тұрады. Экспортты ілгерілету үшін мемлекет тарапынан жасалынатын қолдауды тарифтік емес реттеу шараларына жатқызамыз.